ОТЫРАР АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ

БҰЙРЫҚ

«04» 09 2019 жыл №76

Конкурстық комиссия
құрамын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 53-тармағына және 83-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Отырар ауданы, Шәуілдір ауыл округі, Шәуілдір ауылындағы «Қызыл-Түркістан» жаңа тұрғын алабының инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылысы" нысаны бойынша ЖСҚ-на ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмыстары хабарландыруда конкурстық комиссияның хатшысы болып Байтас Фатима Сәлімқызы бекітілсін;

2. Тапсырыс беруші Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің уәкілетті өкілі болып бас маман Байтас Фатима Сәлімқызы бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы **М.Есінбек**